

Пайдалы қазбалардың, оның ішінде дәстүрлі емес көмірсутектерге жатқызылатын кен орындарының қорлары мен болжамды ресурстарын сыныптау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2026 жылғы 28 сәуірдегі № 208 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 30 сәуірде № 38601 болып тіркелді

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 64-бабының 16-1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Пайдалы қазбалардың, оның ішінде дәстүрлі емес көмірсутектерге жатқызылатын кен орындарының қорлары мен болжамды ресурстарын сыныптау жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. "Кен орындарының қорлары мен болжамды ресурстарды сыныптау әдістемесін, пайдалы қазбалардың, оның ішінде дәстүрлі емес көмірсутектерге жатқызылатын қорларын есептеу жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 2 ақпандағы № 71 бұйрығының (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 31839 болып тіркелген) 1-тармағының 1) тармақшасының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Геология комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің вице-министріне жүктелсін

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылыс министрі*

Е. Нагаспаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Су ресурсы және
иригация министрлігі

Пайдалы қазбалардың, оның ішінде дәстүрлі емес көмірсутектерге жатқызылатын кен орындарының қорлары мен болжамды ресурстарын сыныптау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Пайдалы қазбалардың, оның ішінде дәстүрлі емес көмірсутектерге жатқызылатын кен орындарының қорлары мен болжамды ресурстарын сыныптау жөніндегі нұсқаулықты (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 64-бабының 16-1) тармақшасына сәйкес әзірленген және пайдалы қазбалардың кен орындарының қорларын және болжамды ресурстарын жіктеуге, оларды барлау және игеру дәрежесіне қарай жер қойнауындағы мемлекеттік есепке алуға бірыңғай талаптарды белгілейді.

2. Кен орындары қорларын және қатты пайдалы қазбалардың болжамды ресурстарын сыныптау қатты пайдалы қазбалардың қорлары мен ресурстарын барлау дәрежесі, геологиялық зерттеу дәрежесі, геологиялық құрылыстың күрделілігі, экономикалық маңыздылығы бойынша саралауды көздейді.

3. Пайдалы қазбалардың, оның ішінде дәстүрлі емес көмірсутектерге жатқызылатын кен орындарының қорлары мен болжамды ресурстарын сыныптау көмірсутектердің қорлары мен ресурстарын игеру кезінде кен орындары мен ілеспе компоненттер кен орындарын топтары, санаттары, мөлшері, құрылысының күрделілігі және көмірсутектер игеру дәрежесі бойынша саралауды көздейді.

4. Кен орындарының қорларын және жерасты суларының болжамды ресурстарын сыныптау Кодекстің және Қазақстан Республикасының Су кодексінің (бұдан әрі – Су кодексі) талаптарына сәйкес табиғи және өзге де шектеулерді ескере отырып, жерасты суларының пайдалану қорлары мен болжамдық ресурстарын одан әрі зерттеу үшін оларды зерделеу дәрежесіне және кен орындарының дайындығына қарай бағалау мен мемлекеттік есепке алудың бірыңғай қағидаттарын белгілейді.

5. Осы Нұсқаулықта пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) белсенді емес баланстық қорлар – инвестициялардан қайтарымды қамтамасыз етпейтін, бірақ пысықталуы тиімсіз қорлар;

2) жерасты суларының баланстан тыс қорлары – бағалау кезеңінде су алу жобасымен тікелей байланысты емес техникалық-экономикалық, технологиялық және экологиялық себептер бойынша пайдалану орынды деп танылмаған жерасты

суларының қорлары (жерді иеліктен шығару мүмкін еместігі, күрделі тау-кен-геологиялық жағдайлар, табиғатты қорғау шектеулері, алдын ала су дайындаудың немесе бағалы компоненттерді алудың ұтымды технологиясының болмауы, жерасты суларының әлеуметтік-экономикалық жағдайы, жерүсті ағынын реттеу қажеттілігі және т.б.);

3) жерасты суларының баланстық қорлары – арнайы техникалық-экономикалық негіздемелердің деректері бойынша барлық геологиялық-экономикалық, технологиялық және санитариялық-гигиеналық факторларды ескере отырып, пайдаланудың орындылығы белгіленген жерасты суларының қорлары, пайдалану мүмкіндігін заңнамада белгіленген тәртіппен табиғат пайдалану мәселелерін келісетін және бақылайтын республикалық және аумақтық органдар растайды;

4) жерасты суларының болжамды ресурстары – бұл гидрогеологиялық аймақ, өзен бассейні және әкімшілік аудан шегінде алынған және оларды пайдаланудың әлеуетті мүмкіндіктерін көрсететін белгілі бір сападағы және нысаналы, мақсаттағы жерасты суларының мөлшері;

5) жерасты суларының пайдалану қорлары – бұл берілген режим мен пайдалану жағдайлары кезінде геологиялық-техникалық негізделген су жинау құрылыстарының көмегімен, сондай-ақ табиғат қорғау шектеулерін ескере отырып, су тұтынудың есептік мерзімі ішінде нысаналы пайдалану талаптарын қанағаттандыратын су сапасы арқылы кен орнында (учаскеде) алынған жерасты суларының саны;

6) игерілетін көмірсутектер кен орындары (шоғырлар) – жобаланған игеру жүйесі бойынша көмірсутектерді өндіру жүзеге асырылатын кен орындары;

7) игеруге дайындалған көмірсутектер кен орындары (шоғырлар) – зерделенуі мұнай немесе газ кен орнын игеру жобасын жасауды қамтамасыз ететін кен орындары;

8) көмірсутектер кен орны – бірыңғай құрылымдық элементпен бақыланатын және бір жергілікті алаңда орналасқан бір немесе бірнеше тұзаққа орайластырылған көмірсутектер кен орындарының жиынтығы;

9) көмірсутектер шоғыры – су өткізбейтін жыныстардан жасалған тау жынысы-коллектор мен шинадан құралған тұзақта көмірсутектердің оқшауланған табиғи жиналуы бар жер қойнауының бір бөлігі.

10) көмірсутектер қорлары – стандартты (0,1 МПа және 20 0С) жағдайларға келтірілген анықталған, барланатын және игерілетін кен орындарындағы көмірсутектер мен олардың құрамындағы ілеспе компоненттердің саны.

11) көмірсутектер ресурстары – белгіленген құрылымдарда немесе бұрғылауға дайындалған алаңдарда, ірі геокұрылымдық элементтер шегінде дәлелденген немесе болжанатын мұнай-газдылығы бар литологиялық-стратиграфиялық кешендерде бұрғылаумен ашылмаған, болжамды кен орны бағалау күніне көмірсутектер мен олардың құрамындағы ілеспе компоненттердің саны;

12) көмірсутектердің баланстан тыс қорлары – техника мен технологиялардың қазіргі заманғы деңгейі кезінде жер қойнауынан рентабельді түрде алынбайтын. Баланстан тыс қорларға көмірсутектердің сапасы төмен, ұңғымалардың өнімділігі төмен, қорлардың шектеулі болуы немесе пайдаланудың ерекше күрделілігі жағдайында қазіргі уақытта игеруге енгізілмейтін, бірақ болашақта өнеркәсіптік игеру объектісі ретінде қарастырылатын қорлар да жатады;

13) көмірсутектердің баланстық қорлары – қазіргі заманғы техника мен технологияларды ұтымды пайдалану кезінде барланған және жер бетіне тиімді алынатын көмірсутектер қорлары;

14) көмірсутектердің барланатын кен орындары (шоғыр) – кен орындарын игеруге дайындау мақсатында іздестіру-барлау бұрғылауы, жекелеген барлау немесе озық пайдалану ұңғымаларын сынамалық пайдалану жүргізілетін кен орындары. Барлау кен орнында сейсмикалық зерттеулер және қосымша геологиялық барлау жұмыстары жүргізілуі мүмкін;

15) көмірсутектердің геологиялық қорлары – жер қойнауындағы көмірсутектердің қорлары мен ресурстары;

16) көмірсутектердің консервацияланған кен орындары (шоғыр) – барлау немесе өндіру жұмыстары уақытша тоқтатылған кен орындары және игеруді белгілі бір уақыт кезеңінде жүргізу экономикалық тұрғыдан тиімсіз болатын барланған кен орындары;

17) қабатты сынау – қабаттан ағуды шақыру, қабат сұйықтығының сынамаларын алу, қабаттың қанығу сипатын бағалау және еркін нысанда Қабатты сынау актісімен расталған бағдарлы дебитті айқындау мақсатында жүргізілетін жұмыстар кешені;

18) қабатты сынаушы – бұл қабатта сынау және өлшеу жүргізу кезінде бірқатар функцияларды орындау үшін біріктірілген құралдар, аппараттар мен аспаптар жиынтығы;

19) қатты пайдалы қазбалардың активті баланстық қорлары – өндірілуі бәсеке нарығы жағдайларында мақсатты болатын қорлар, яғни өндірілетін шикізаттың бір жылдық орташа құны инвестициялардың қажетті беруін қамтамасыз ету үшін жеткілікті болатын қорлар;

20) қатты пайдалы қазбалардың баланстан тыс қорлары – есептелген күнге бекітілген кондицияларға сәйкес пайдалану экономикалық тұрғыдан тиімсіз немесе техникалық және технологиялық жағынан мүмкін емес қатты пайдалы қазбалардың қорлары;

21) қатты пайдалы қазбалардың баланстық қорлары – қолданылуы жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану және қоршаған ортаны қорғау кезінде қолда бар шикізатты өндіру мен өңдеудің алдыңғы қатардағы техникасын, технологияларын игеретін, экономикалық жағынан орынды қатты пайдалы қазбалар қорлары;

22) мұнай, газ және конденсат алу коэффициенттері – экономикалық рентабельділік шегіне дейін кен орнын игерудің оңтайлы режимі кезінде қорлардың немесе ресурстардың қай бөлігі жер қойнауынан алынатынын көрсететін шамалар;

23) ұңғыманы сынау – ұңғыманы еркін нысанда сынау актісімен расталған, ұңғыманың ағынын шақыруды, қабат сұйықтығы мен газдың сынамаларын алуды, қабаттың мұнай-газ құрамын анықтауды, қабаттың негізгі гидродинамикалық сипаттамаларын (қабат қысымы, гидроөткізгіштік, өнімділік коэффициенті) анықтауды қамтамасыз ететін жұмыстар кешенін көздейтін зерттеу мақсатында ұңғымаларды уақытша пайдалану.

2-тарау. Кен орындары қорларының және қатты пайдалы қазбалардың болжамды ресурстарын сыныптау

6. Сыныптау жер қойнауындағы қатты пайдалы қазбалардың қорлары мен болжамды ресурстарын есептеудің және мемлекеттік есепке алудың бірыңғай тәртібін, сондай-ақ олардың геологиялық-экономикалық зерттелу дәрежесіне, игерудің техникалық-экономикалық негіздемесін пысықтау деңгейіне, сондай-ақ олардың экономикалық маңыздылығына қарай тиісті санаттарға жататын қорлар мен ресурстардың өлшемшарттарын айқындайды. Кодекстің 278-бабының 10-тармағында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, жер қойнауының мемлекеттік сараптамасымен расталған қорлар мен болжамды ресурстар мемлекеттік есепке алуға жатады.

7. Қорлар бағалау, барлау және пайдалану жұмыстарының нәтижелері негізінде қатты пайдалы қазбалардың әрбір түрі және оларды мақсатқа сай коммерциялық пайдалану бағыттары бойынша бөлек есептеледі және есепке алынады. Жер қойнауындағы пайдалы қазбалардың қорлары кондициялардың экономикалық негізделген параметрлеріне сәйкес кендерді өндіру, байыту және концентраттарды өңдеу кезінде ысыраптар мен ыдырауға түзетулер енгізбей есептеледі. Пайдалы қазбалардың есептелген қорларының дұрыстығы есептеудің бақылау әдісін пайдалана отырып, пайдаланылмайтын кен орындары бойынша барлау және игеру деректерін салыстыру арқылы айқындалады.

8. Пайдалы қазбалардың сапасы оларды кешенді пайдалану, өндіру мен өңдеудің прогрессивті технологияларын қолдану қажеттілігін ескере отырып зерттеледі. Сонымен бірге пайдалы қазбалардағы ілеспе құнды, улы және зиянды компоненттердің құрамы, байыту және зауыттық қайта бөлу өнімдерінде болу нысандары мен таралу ерекшеліктері анықталады.

9. Кешенді кен орындары бойынша негізгі және олармен бірге пайда болған ілеспе пайдалы қазбалардың (минералдардың, химиялық элементтердің және олардың қосылыстарының) алынуы үшін экономикалық тұрғыдан тиімді қорлары есептелуге және есепке алынуға жатады. Тауарлық концентраттарда немесе металлургиялық қайта

бөлу өнімдерінде байыту кезінде жиналатын бағалы ілеспе компоненттер үшін жалпы және алынатын қорлар есептеледі және есепке алынады.

10. Пайдалы қазбалардың болжамды ресурстары қолайлы геологиялық алғышарттар мен белгілі кен орындарымен негізделген ұқсастықтарды негізге ала отырып, кен аудандары, тораптар, өрістер, жалпы бассейндер бойынша, сондай-ақ кен орындарының қапталдары мен терең горизонттарында бағаланады.

11. Пайдалы қазбалардың қорлары мен болжамды ресурстарын геологиялық-экономикалық бағалау нарықтық экономика талаптарына және минералдық шикізат конъюнктурасына сәйкес жүзеге асырылады.

12. Пайдалы қазбалардың қорлары есептеледі, болжамды ресурстар масса немесе көлем бірліктерімен бағаланады.

13. Осы Нұсқаулыққа сәйкес геологиялық құрылымның күрделілік дәрежесіне, зерделенуіне және экономикалық маңыздылығына қарай қатты пайдалы қазбалардың қорлары негізділік дәрежесі бойынша топтар мен санаттарға, болжамды ресурстар санаттарға бөлінеді.

1-параграф. Қатты пайдалы қазбалардың қорлары мен болжамдық ресурстарының санаттары

14. Қатты пайдалы қазбалардың қорлары барлау дәрежесі бойынша С2, С1, В және А санаттарына бөлінеді.

Қатты пайдалы қазбалардың болжамдық ресурстары олардың геологиялық зерттелу дәрежесі бойынша Р3, Р2, Р1 санаттарына бөлінеді.

15. Қатты пайдалы қазбалардың қорлары оларды зерттеу дәрежесіне қарай екі топқа бөлінеді:

алдын ала бағаланған С2 санатты қорлар;

С1, В, А санаттарындағы расталған (барланған) қорлар.

16. С2 санатты қатты пайдалы қазбалардың қорлары мынадай талаптарға сәйкес келеді:

пайдалы қазба денелерінің өлшемдері, пішіні, ішкі құрылымы және олардың пайда болу жағдайлары геологиялық, геохимиялық және геофизикалық деректер бойынша бағаланған және пайдалы қазбаны барлау жұмыстарының сирек желісімен ашумен расталған;

пайдалы қазба қорларының нобайы барлау қазбаларын сынамалау негізінде және (немесе) жоғары санатты қорларды есептеу кезінде пайдаланылған параметрлердің геологиялық негізделген экстраполяциясы арқылы бағалау және (немесе) өнеркәсіптік кондицияларға сәйкес жақын анықталған;

пайдалы қазбаның сапасы мен технологиялық қасиеттері сапасы мен технологиялық қасиеттері бірлі-жарымды зертхана сынамаларының зерттеулері нәтижелері бойынша

анықталуы керек немесе басқа ұқсас кен орнының көбірек зерттелген учаскелерімен ұқсастығы жағынан бағаланған;

гидрогеологиялық, инженерлік-геологиялық, тау-кен-геологиялық, экологиялық және табиғи жағдайлар кен орнының басқа да учаскелері жөніндегі бар деректер бойынша, барлау қазбаларындағы бақылаулар, ауданда белгілі кен орындарына ұқсастықтар бойынша бағаланған;

кен орнының немесе оның учаскесінің геологиялық, технологиялық, гидрогеологиялық, инженерлік-геологиялық және экологиялық жағдайларын зерттеу нәтижелері бойынша бағалау кондицияларының техникалық-экономикалық негіздемесі жасалады. Ішкі норманың оң қорытындысы кезінде бағалау конденсациясының пайдасы мен параметрлерін бекіту С2 санаты бойынша кен орнының немесе оның учаскесінің қорлары есептеледі.

17. С1, В, А санатты қатты пайдалы қазбалардың барланған қорлардың кеңістіктік орнықтырылуы және саны, қатынастары кен орындарының нақты геологиялық ерекшеліктерін, кен өндіруші кәсіпорнының құрылыс талаптарын және күрделі салымдарға кәсіпкерлік тәуекелдің қабылданған деңгейі есепке алына отырып қабылданады.

18. С1 санатты қорлар мынадай талаптарға сәйкес келеді:

пайдалы кенбайлық қыртысының мөлшері мен оларға тән пішіндер, олардың жатуы мен ішкі құрылымының негізгі ерекшеліктері анықталуы керек, пайдалы кенбайлық қыртыстарының өзгергіштігі мен ықтимал үзіктілігі бағалануы керек, ал тақталық кенорындар мен құрылыс және қаптау тасы кен орындары үшін тектоникалық бұзылулардың қарқынды даму аудандарының болуы анықталған;

пайдалы қазба қорларының нобайы геофизикалық, геохимиялық зерттеулердің және геологиялық негізделген экстраполяция деректерін есепке ала отырып, қазбаларды сынау нәтижелері бойынша өнеркәсіптік кондицияларына сәйкес анықталған;

кеннің заттық құрамын, кеңістікті құбылмалығын, текстуралық-құрылымдық сипаттамасын, физика-механикалық және технологиялық қасиетін зерделеу, зерттелетін кен орындарында байыту көрсеткіштерін айқындай (болжай) отырып, кеннің технологиялық түрі мен сорттарын анықтау бойынша кешенді жұмыстың және типті және сұрыпты зертханалық технологиялық сынамаларды зерттеу нәтижелері бойынша пайдалы қазбаның табиғи түрлері мен өнеркәсіптік (технологиялық) типтері айқындалған, пайдалы қазбалардың кеңістікте таралуының жалпы заңдылықтары және өнеркәсіптік (технологиялық) типтері мен сұрыптарының сандық қатынасы, пайдалы және зиянды компоненттердің болуының минералды нысаны белгіленген; көзделген кондициялардың барлық көрсеткіштері бойынша анықталған өнеркәсіптік (технологиялық) типтер мен сұрыптардың саны технологиялық зерттелген;

гидрогеологиялық, инженерлік-геологиялық, кен-геологиялық, экологиялық және басқа да табиғи жағдайларды зерттеу түрлі пайдалы қазбалардың қорларын контурлау,

есептеу және бағалау үшін қолданылатын, заттай көрсеткіштердің шекті мәндерінің өнеркәсіптік және (немесе) бағалау параметрлеріне сәйкес олардың негізгі көрсеткіштерін сипаттауға мүмкіндік береді;

кен орындарының геологиялық, технологиялық, гидрогеологиялық, кен-геологиялық, экологиялық жағдайларын зерттеу нәтижелері бойынша өнеркәсіптік кондициялардың техникалық-экономикалық негіздемесі жасалады. Пайданың ішкі нормасының оң қорытындысы кезінде кен орындарының қорларын өнеркәсіптік санаттар бойынша есептеу жүргізіледі.

19. В санатты қатты пайдалы қазбалардың қорлары келесі талаптарға сәйкес келеді:

пайдалы қазбалар денелерінің пішінінің, ішкі құрылымы мен орналасу жағдайларының өлшемдері, негізгі ерекшеліктері мен өзгергіштігі, ішкі кеуексіз және кондиционерлік емес учаскелердің кеңістікте орналасуы белгіленді; ірі жыртылу бұзылыстары болған кезде орын ауыстырудың жағдайы мен амплитудасы белгіленді, аз амплитудалық жарылу бұзылыстарының ықтимал даму дәрежесі сипатталды;

пайдалы қазбалар қорларының контуры геологиялық критерийлермен, геофизикалық және геохимиялық зерттеулердің деректерімен негізделген экстраполяцияның шекті аймағын (денелердің ескірген қуаты және пайдалы қазбаның сапасы кезінде) қоса отырып, барлау қазбалары бойынша өнеркәсіптік кондицияларға сәйкес айқындалған;

сынамалардың іріленетін-зертханалық тектілігі мен іріктелгіштігін зерттеу нәтижелері бойынша табиғи ерекшеліктері анықталып, бөлінуі керек, мүмкіндігінше, пайдалы қазбалардың өнеркәсіптік (технологиялық) тектері нобайлануы керек, пайдалы және зиянды құрамдастардың болуының минералды пішіндері анықталып, барлық қарастырылған өнеркәсіптік көрсеткіш кондициялары бойынша пайдалы қазбалардың бөлінген өнеркәсіптік (технологиялық) тектері мен іріктелгіштігінің сапасы зерттелген болуы керек, технологиялық зерттеу дәрежесі технологиялық регламентті жасау үшін жеткілікті;

гидрогеологиялық, инженерлік-геологиялық, кен-геологиялық, экологиялық және басқа да табиғи жағдайлардың зерттелуі өнеркәсіптік кондицияларына сәйкес негізгі көрсеткіштерді сапалық және сандық жағынан сипаттауға мүмкіндік береді.

20. А санатты қорлар төмендегі талаптарға сәйкес келеді:

пайдалы қазбалар денелерінің мөлшері, пішіні және пайда болу шарттары белгіленді, морфология мен ішкі құрылымның өзгеру сипаты мен заңдылықтары зерттелді, пайдалы қазбалар денелерінің ішіндегі кеуекті емес және кондиционерленбеген учаскелер оқшауланды және контурланды, үзілмелі (опырылмалы) бұзылыстар болған кезде орын ауыстыру жағдайы мен амплитудасы белгіленді;

пайдалы қазбалар қорларының нобайы барлау және пайдалану қазбалары желісі бойынша өнеркәсіптік кондициялардың талаптарына сәйкес экстраполяциясыз айқындалды;

жартылай өнеркәсіптік пен өнеркәсіптік тектік және іріктелген сынамалардың зерттеу нәтижелері бойынша табиғи сұрыптар айқындалды, пайдалы қазбаның өнеркәсіптік (технологиялық) тектері мен іріктелгіштігі бөлінді және нобайланды, минералды нысандар бойынша бағалы және зиянды компоненттердің құрамы, қасиеттері мен таралуы анықталды; өнеркәсіптік кондицияларда көзделген барлық көрсеткіштер бойынша пайдалы қазбаның бөлінген өнеркәсіптік (технологиялық) тектері мен іріктелгіштігінің сапасы технологиялық тұрғыдан зерделенді; технологиялық зерделеу дәрежесі технологиялық регламентті әзірлеу үшін жеткілікті;

гидрогеологиялық, инженерлік-геологиялық, тау-кен-геологиялық, экологиялық және табиғи жағдайларда кен орнын игеру жобасын жасау үшін бастапқы деректерді алуды қамтамасыз ететіндей егжей-тегжей зерделенді.

21. Өнеркәсіптік кондициялардың техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу үшін А, В және С1 санаттарының қорларымен қатар С2 санатты қорлар қолданылады.

22. Кешенді кендердің және олардағы негізгі компоненттердің қорлары бір ғана санат бойынша есептеледі. Өнеркәсіптік маңызы бар ілеспе компоненттердің қорлары негізгі компоненттердің қорларын есептеу нобайында есептеліп, зерттелу дәрежесіне, таралу сипатына, орналасу пішіндеріне және экстракция технологиясына сәйкес санаттар бойынша бағаланады.

23. Р3 санатты болжамды ресурстар – эталондық кенді құрылымдарға ұқсас шараларды анықтауға негізделген әлеуетті перспективалы провинциялардың, аймақтардың, кенді аудандардың шегінде күтілетін кен орындарының ресурстары.

Р3 санатты ресурстар қолайлы стратиграфиялық, литологиялық, тектоникалық, магматикалық және басқа алғышарттар негізінде пайдалы қазбалардың белгілі бір текті кен орындарын қалыптастырудың әлеуетті ықтималдылығын білдіреді. Р3 санатты ресурстарды сандық бағалау зерттелген эталондық аудандарға ұқсас негізде болжамды параметрлер бойынша жүргізіледі. Болашағы бар болжамды объектілерді бөлу және оларға сандық параметрлерді (ресурстардың шамасы, пайдалы компоненттердің күтілетін құрамы) беру кезінде олардың әлеуетті маңыздылығын айқындау үшін бағдарлар ретінде кен орындарының болжамды тегі үшін есептелген жарамсыз кондициялардың диаграммалары пайдаланылады.

24. Р2 санатты болжамды ресурстар – болуы жанама геологиялық, геофизикалық, геохимиялық деректер бойынша негізделген және бірлі-жарымды қазбаларда пайдалы қазбалардың ашылуымен расталған болжамды жаңа кен орындарының ресурстары. Оларды жаңа пайдалы қазба орнының бассейнінде, кен торабында, кен атырабында табуға болады деп болжанады. Ресурстардың сандық бағасы, болжамды кен орындарының мөлшері, кендердің минералды құрамы мен сапасы туралы идеялар сол

генетикалық типтегі кен орындарының белгілі аналогтарымен салыстыруға негізделген . Р2 санатты болжамды ресурстарды геологиялық-экономикалық бағалау болжамды параметрлерді сол геологиялық-өнеркәсіптік типтегі өнеркәсіптік маңызы бар кен орындарының тиісті параметрлерімен салыстыру негізінде немесе жарамсыз параметрлер бойынша жүзеге асырылады.

25. Р1 санатты болжамды ресурстар – іздестіру жұмыстарының нәтижелері бойынша анықталған жаңа объектілердің ресурстары немесе барланған және барланып жатқан кен орындарының қапталдарындағы (терең горизонттарындағы) ресурстар кенді аймақтарды жерүсті тау-кен қазбаларымен және сирек желі арқылы өтетін жеке немесе сирек ұңғымалармен ашуды қоса алғанда, деректер кешені бойынша негізделеді . Р1 санатты болжамды ресурстарды геологиялық-экономикалық бағалау С2 санатының қорлары бірлесіп С2 санатының қорлары болған кезде ірілендірілген техникалық-экономикалық көрсеткіштер бойынша есептеулермен жүргізіледі.

Пайдаланылатын және барланатын кен орындардағы Р1 санатты болжамды ресурстарды экономикалық бағалау объект үшін қабылданған кондициялардың параметрлеріне сәйкес жүзеге асырылады.

2-параграф. Кен орындарын (учаскелерді) барлау мақсаттары үшін геологиялық құрылымының күрделілігі бойынша топтау

26. Өнеркәсіптік игеруге дайындалған кен орындарын (учаскелерін) зерттеудің орынды дәрежесі олардың геологиялық құрылымының күрделілігіне және пайдалы қазбалардың таралуына, сондай-ақ оларға тәуелді экономикалық факторларға – геологиялық барлау жүргізуге қажетті қаражат пен уақыттың шығындарына байланысты айқындалады. Осы кен орнын ескере отырып, пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі дербес кәсіпорындардың пысықтауы көзделген ірі кен орындарының учаскелері үш топқа бөлінеді.

Бірінші топ – қорларының басым бөлігі (70 %-дан астамы) бұзылмаған немесе әлсіз бұзылған жатумен, негізгі бағалы компоненттердің біркелкі бөлініп, пайдалы қазбаның күші, ішкі құрылымы және сапасы мен пайдалы қазба қыртыстарында болатын жай геологиялық құрылымды кен орындар (учаскелер).

Бірінші топтағы кен орындарының геологиялық құрылымының ерекшеліктері барлау кезінде А, В, С1 және С2 санатты қорларды табу мүмкіндігін айқындайды.

Екінші топ – қорларының басым бөлігі (70 %-дан астамы) өзгермелі қуаттылықпен және пайдалы қазба қыртыстарының ішкі құрылымымен немесе бұзылған жатуымен, қазылатын немесе негізгі бағалы компоненттердің біркелкі бөлінбеу сапасымен сипатталатын күрделі геологиялық құрылымның кен орындары (учаскелер), сондай-ақ күрделі тау-кен-геологиялық қазу талаптары бар жай геологиялық құрылысты көмір және қазынды тұзды кен орындар.

Екінші топтағы кен орындарының геологиялық құрылымының ерекшеліктері барлау кезінде В, С1 және С2 санатты қорларды табу мүмкіндігін анықтайды.

Үшінші топ – қорларының негізгі бөлігі (70 %-дан астамы) қуаты мен ішкі құрылымының күрт өзгергіштігімен немесе пайдалы қазба қыртысының қарқынды бұзылған жатысты немесе пайдалы қазбалардың ұсталмаған сапасымен және негізгі бағалы компоненттердің біркелкі бөлінбеуімен сипатталатын өте күрделі геологиялық құрылымның кен орындары (учаскелер). Үшінші топтағы кен орындарында барлау кезінде А және В санаттарының қорларын анықтау барлаудың жоғары құны мен оның тиімділігінің төмендігі салдарынан орынсыз. Осы топтың кен орындарының (учаскелерінің) қорлары негізінен С1 және С2 санаттары бойынша барланады.

3-параграф. Кен орындарының зерттелу дәрежесі бойынша топтары

27. Пайдалы қазбалардың кен орындары зерттелу дәрежесі бойынша: бағаланған, барланған және пайдаланылатын болып бөлінеді.

Бағаланғандарға кен орындарының сапасы, технологиялық қасиеттері, игерудің гидрогеологиялық және тау-кен техникалық шарттары, қорлар одан әрі барлаудың орындылығын негіздеуге мүмкіндік беретін дәрежеде зерделенді.

Барланғандарға тау-кен өндіру кәсіпорны базасында қорларды өнеркәсіптік игеруге, құрылысты жобалауға немесе реконструкциялауға тарту тәртібі мен шарттары туралы мәселелерді шешу үшін жеткілікті толықтығымен зерттелген қорларды игерудің гидрогеологиялық және тау-кен техникалық шарттары, сапасы, технологиялық қасиеттері бар кен орындары жатады.

Пайдаланылатындарға өнеркәсіптік игеруге тартылған кен орындары жатады.

4-параграф. Экономикалық мәні жағынан қатты пайдалы қазбалар топтары

28. Қатты пайдалы қазбалардың қорлары және олардың құрамындағы пайдалы компоненттер экономикалық мәні бойынша бөлек есептеуге және есепке алуға жататын екі топқа бөлінеді: баланстық және баланстан тыс.

Баланстық қорлар екі ішкі топқа бөлінеді: белсенді және белсенді емес.

Баланстан тыс қорлар кондициялардың техникалық-экономикалық негіздемесімен кейіннен алу үшін жер қойнауында сақтау мүмкіндігі немесе болашақта пайдалану үшін ілеспе өндірудің, қоймалаудың, сақтаудың орындылығы белгіленген жағдайда есептеліп, есепке алынады. Баланстан тыс қорларды есептеу кезінде қорларды баланстан тыс қорларға (экономикалық, технологиялық, гидрогеологиялық немесе тау-кен-техникалық жағдайларына) жатқызу себептеріне қарай олардың кіші бөлімі жүргізіледі.

29. Тазарту қазбаларының, ірі су айдындары мен су ағындарының, елді мекендердің, күрделі құрылыстар мен ауыл шаруашылығы объектілерінің, қорықтардың, табиғат,

тарих және мәдениет ескерткіштерінің құлауын болғызбау үшін қалдырылатын кен денелерінде, пайдалы қазбалар кен орындарында қоршалған қатты пайдалы қазбалар қорлары арнайы техникалық-экономикалық есептеулер негізінде баланстық немесе баланстан тыс қорларға жатады. Техникалық-экономикалық есептеулерде құрылыстарды ауыстыру шығындары немесе қорларды өндеудің арнайы әдістері ескеріледі.

30. Кен орны қорларының теңгерімдік тиесілігі мемлекеттік сараптама нәтижелері бойынша пайдалы қазбалар қорларын есептеу үшін кондицияларды техникалық-экономикалық негіздеу жолымен белгіленеді.

31. Мемлекеттік сараптамадан өткен және оң бағаланған қорлар мемлекеттік балансқа, оның ішінде А, В, С1, С2 санаттары бойынша баланстық қорларға; санатқа бөлінбейтін баланстан тыс қорларға деп мемлекеттік балансқа қойылады.

5-параграф. Жерасты суларының қорлары мен болжамды ресурстарының сыныпталуы

32. Пайдаланылатын қорлар нысаналы мақсатына (ауызсу, шаруашылық-тұрмыстық, өндірістік-техникалық, техникалық, емдік минералдық, жылуэнергетикалық, өнеркәсіптік, жерді суару) және оларды ықтимал өнеркәсіптік пайдалану бағыттарына сәйкес жеке-жеке есептеліп, жүргізілген гидрогеологиялық іздестіру-бағалау және барлау жұмыстарынан, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған су қабылдағыш құрылыстарды пайдалану тәжірибесінен алынған деректер бойынша жүзеге асырылады.

Жерасты суларының болжамды ресурстары жалпы гидрогеологиялық тұжырымдар, аумақтық және аймақтық арнайы зерттеулер негізінде бағаланады.

33. Кодекстің 89-бабының 5-тармағына сәйкес мемлекеттік сараптамадан өткен жерасты суларының пайдалану қорлары мен болжамды ресурстары мемлекеттік есепке алуға жатады.

34. Алынуы пайдалы қазбалардың басқа түрлерін игерумен, сондай-ақ пайдалы қазбаларды өндірумен байланысты емес басқа мақсаттарда жер қойнауын пайдаланумен байланысты кәріз және ілеспе сулардың пайдалану қорлары мен болжамды ресурстары оларды одан әрі пайдалану мүмкіндіктеріне, төгу қажеттілігіне және қоршаған табиғи ортаға әсерін бағалауға сәйкес мемлекеттік геологиялық сараптамаға және мемлекеттік есепке алуға жатады.

35. Ауызсудың, өндірістік-техникалық және емдік минералды сулардың сапасын бағалау Мемлекеттік және салалық стандарттардың талаптарына, су пайдаланудың техникалық шарттарына және су тұтынушы ұйымдардың талаптарына сәйкес жүргізіледі. Емдік минералды суларға арналған кондицияларды денсаулық сақтау органдары уәкілеттік берген мамандандырылған ұйымдар береді.

Ауызсумен жабдықтауға жарамды жерасты суларын өзге мақсаттарда пайдалануға, сумен жабдықтаудың өзге көздері болмаған және осы жерасты сулары ауызсумен

жабдықтаудың баламасыз көзі болып табылмайтын жағдайларды қоспағанда, жол берілмейді.

Емдік санатқа жататын минералды сулар ең алдымен бальнеологиялық мақсаттарда қолданылады. Емдік минералды суларды басқа мақсаттар үшін пайдалануға рұқсатты ерекше жағдайларда оған арнайы уәкілеттік берілген мемлекеттік органдар береді.

Өнеркәсіптік және жылу энергетикалық сулардың сапасын бағалау оларды кешенді пайдалану және қоршаған табиғи ортаны қорғау жөніндегі талаптарды сақтай отырып, осы суларды өндіру мен өңдеудің неғұрлым ұтымды және тиімді әдістерін қолдану негізінде әзірленген кондицияларға сәйкес жүргізіледі.

Жерасты суларының пайдалану қорлары мен болжамды ресурстары тәулігіне текше метрмен бағаланады және есепке алынады. Өнеркәсіптік суларда кен орнында суды қайта өңдеу кезіндегі ысыраптарды есепке алмай, оны игерудің есептік мерзімі ішінде алынған негізгі және ілеспе компоненттердің саны (тоннамен) (жылына гигаджоульмен , шартты отынның тоннасымен) айқындалады. Пайдалану қорларынан басқа, жылу энергетикалық су кен орындары бойынша кен орнының жылу энергетикалық қуаты да бағаланады.

6-параграф. Жерасты суларының кен орындарын (учаскелерін) зерттелу дәрежесі бойынша топтастыру

36. Жерасты суларының кен орындары (учаскелері) олардың зерттелу дәрежесі бойынша: игерілген, барланған және бағаланған (анықталған) болып бөлінеді.

Игерілген кен орындарына – пайдалану қорлары, олардың саны мен сапасы, сондай-ақ су алу шарттары режимдік байқаулар, санитариялық-гигиеналық, су қорғау және экологиялық зерттеп-қарау (пайдалану барлау) деректері бойынша белгіленген, тұрақты немесе мерзімді пайдаланудағы жерасты суларының кен орындары (учаскелері) жатады. Игерілген кен орындарының (учаскелерінің) жерасты суларының қорлары А санаты бойынша және жекелеген жағдайларда – В санаты бойынша бағаланады. Барланғандарға – оларды өнеркәсіптік игеруге тарту тәртібі мен шарттары туралы шешімді негіздеу үшін жеткілікті дәрежеде зерделенген кен орындары (учаскелер) жатады. Барланған кен орындарының (учаскелерінің) жерасты суларының қорлары, егер С1 санатының қорлары 20 %-дан аспаса, В санаты бойынша және жекелеген жағдайларда – В+С1 санаты бойынша бағаланады. Бағаланғандарға (анықталғандарға) қолданыстағы қажеттілік немесе ірілендірілген техникалық-экономикалық есептеулер негізінде олардың өнеркәсіптік маңыздылығын және одан әрі барлаудың орындылығын негіздеуге мүмкіндік беретін дәрежеде зерделенген кен орындары (учаскелер) жатады. Мұндай кен орындарының жерасты суларының қоры С1 және С2 санаттары бойынша есептеледі.

7-параграф. Жерасты суларының пайдаланылатын қорлары мен болжамдық ресурстарының санаттары

37. Жерасты суларының пайдалану қорлары зерттелу дәрежесі бойынша игерілген – А және В санаттарына, барланған – В санаттарына және бағаланған – С1 және С2 санаттарына бөлінеді. Жерасты суларының болжамды ресурстары негізділік дәрежесі бойынша Р санатына жатады.

Қорлардың әр санаты кен орындарын одан әрі зерттеуге және игеруге дайындау бойынша жобалық шешімдердің белгілі бір кезеңдерін орындауға негіз болады.

38. А санатты қорлар жерасты суларының барланған қорларын игеру дәрежесін бағалауға, су тартуды қайта құру жобасын жасауға және пайдалану деректері бойынша пайдалану құқығын жаңа мерзімге ұзартуға арналған және келесі талаптарды қанағаттандырады:

ұзақтығы жағдайлардың күрделілігімен айқындалатын пайдалану (пайдалану барысындағы барлау) нәтижелері бойынша есептелген, су тарту дебиті және деңгейлердің төмендеуі пайдалану және бақылау ұңғымаларындағы режимдік бақылаулардың деректері бойынша белгіленген;

олардың саны жұмыс істеп тұрған су қабылдағыштағы нақты су алуға сәйкес келеді, осы мөлшердің (шаманың) келесі пайдалану мерзімінде сақталу мүмкіндігі пайдаланылатын қорларды түзетін негізгі су көздерін сан мөлшерімен нақты бағалау кезінде болжамды есептеулермен расталады;

жерасты суларының сапасы пайдаланудың барлық мерзімінде зерделенді және суды алдын ала дайындаудың қолданылып жүрген әдістерін ескере отырып, олардың нысаналы мақсатының талаптарын (стандарттарын, қажетті сапалық көрсеткіштерін) қанағаттандырады; оның пайдаланудың барлық кейінгі мерзіміне сақтау мүмкіндігі расталды;

өнеркәсіптік және жылу энергетикалық сулардың технологиялық қасиеттері оларды өңдеудің және бағалы компоненттерді кешенді түрде өндіріп алудың үшін ең ұтымды технологиялық сызбаларын таңдап алуды қамтамасыз етерліктей егжей-тегжей зерттелген;

жұмыс істеп тұрған және барланған су қабылдағыштарға және жер үсті су көздеріне су алудан тиетін әсер пайдалану тәжірибесі бойынша сенімді түрде белгіленген;

жерасты суларын алудың қоршаған табиғи ортаға әсері қолданылып жүрген табиғат қорғау шараларының тиімділігін анықтауға, қосымша өтемдік іс-шараларды жобалауға және жүзеге асыруға мүмкіндік беретіндей дәрежеде тұрақты режимдік бақылаулардың нәтижелері бойынша бағаланды.

39. В санатты қорлар су қабылдағышты жобалау және жерасты суларын пайдалануға құжаттарды ресімдеу үшін негіз болып табылады және олар мынадай негізгі ережелерді қанағаттандырады:

қалыптасқан су шаруашылық жағдайды, оның көзделген өзгерістерін, қоршаған табиғи ортаға тигізетін әсерінің рұқсат етілген шектерін ескере отырып, су алу құрылыстарының келісілген жобалық сызбалары мен конструкцияларына, берілген су тұтыну мен су алу кестесіне сәйкес есептелген;

қорларды есептегенде қабылданған ұңғымалардан шығатын жобалық су мөлшерінің күмәнсіздігі бұрғылау және тәжірибелік-сүзгілік жұмыстардың нәтижелерімен, оның ішінде жағдайлардың күрделілігіне қарай тәжірибелік жеке дара, шоғырланған, топталған, пайдалану-тәжірибелік ұңғымалардан су тарту барысында алынған деректермен расталған;

қабылданған пайдалану сызбасына және алынатын су шамасына сәйкес жерасты суларының пайдалану қорларын түзетін су көздеріне сан мөлшерімен баға берілді;

жерасты суларының сапасы барлық көрсеткіштер бойынша нысаналы мақсаттағы талаптарға сәйкес зерделенді; су тұтынудың есепті мерзімінде судың сапасы тұрақты болатындығы немесе рұқсат етілген шектерде өзгертіндігі дәлелденген;

су қабылдағышты пайдалану, бақылау ұңғымаларының желісін салу және санитарлық тұрғыдан қорғау аймақтарын негіздеу (ауызсу үшін) бойынша ұсынымдар әзірленді;

өнеркәсіптік және жылу энергетикалық сулардың технологиялық қасиеттері оларды өңдеудің немесе пайдаланудың технологиялық сызбаларын жобалау үшін жеткілікті бастапқы деректерді алуды қамтамасыз ететіндей егжей-тегжей зерделенді; суды кешенді пайдалану және өнеркәсіптік маңызы бар пайдалы компоненттерді алу мүмкіндігін анықтайтын деректер алынды;

су тұтынудың есепті мерзімі кезеңінде көзделген су алудың жұмыс істеп тұрған және барланған су қабылдағыштар мен жерүсті су көздеріне әсері бағаланды;

